

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАМДЫ ТУЛҒАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 24 ж. « 24 » шіңгір ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 00034 0016 0769
№ 4599-1900-86
Бастапқы тіркелген күні
2001 ж. « 30 » наурыз

БЕКІТІЛДІ
«АУЫЛ» партиясының XXIV
съезінің
2024 жылғы «21» маусымдағы
хаттамасымен

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ

ЖАРҒЫСЫ
(жаңа редакцияда)

Астана, 2024 жыл

2000 жылғы 30 қаңтарда бастамашыл топ «Ауыл» партиясын құру туралы шешім қабылдады. «Ауыл» шаруа социал-демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігін бастапқы мемлекеттік тіркеу 2000 жылғы 30 наурызда өтті. Кейін, атауының «Ауыл» қазақстандық социал-демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі деп өзгеруіне байланысты мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді.

2015 жылғы қыркүйекте партияның кезектен тыс XI съезінде «Ауыл» партиясы Қазақстан патриоттары партиясымен бірігу туралы шешім қабылдап, ол «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі» деген жаңа атаумен тіркелді.

Партияның 2024 жылғы 21 маусымда Зеренді ауылында өткен XXIV съезінде Партияның атауын «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігіне өзгерту, Партияның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту және мемлекеттік қайта тіркеуден өткізу туралы шешім қабылданды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Партия деп аталады) – мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ерік-жігерін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

2. Партияның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде: Республиканское общественное объединение «Ауыл» партиясы»;

ағылшын тілінде: «Auyl» party» Republic public union.

Партияның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Ауыл» партиясы»;

орыс тілінде: «Ауыл» партиясы»;

ағылшын тілінде: «Auyl» party».

3. Партия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады.

4. Партияның басшы органдары мен оның құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан.

5. Партия өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және Партияның Бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

6. Партия – меншік құқығында окшауланған мүлкі бар, осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және жеке

мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленіп, жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын заңды тұлға.

7. Партияның құқықтық қабілеті мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап туындайды және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады.

8. Партияның дербес теңгерімі, банктерде есептік және басқа да шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары мен бланкілері болады.

9. Партия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді коспағанда, өзінің ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін айқындауда еркін.

10. Партия өз қызметін еріктілік, теңдік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарында құрады.

11. Партия Орталық аппаратының орналасқан жері:

Z05X6C8, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1, 716-офис.

2. ПАРТИЯНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНАСЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12. Партияның мақсаты – гүлденген ауылдары мен қалалары бар, халықтың мәдени дәстүрлері мен рухани құндылықтарына негізделген, аграрлық, саяси тұрақты, экономикалық күшті, әлеуметтік әділетті, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет құру.

13. Партияның міндеттері:

13.1. қоғам мен мемлекетті дамытуға бағытталған әлеуметтік, экономикалық және саяси реформаларды іске асыруға жәрдемдесу;

13.2. бостандық, демократия, әділеттілік қағидаттарында азаматтық қоғамның қалыптасуына қатысу;

13.3. Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін, облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға қатысу;

13.4. Қазақстан Республикасының азаматтарында этносаралық және конфессияаралық келісімді, ұлттық патриотизмді нығайтуға жәрдемдесу;

13.5. саяси және қоғамдық көшбасшыларды іріктеу, ұсыну және қолдау;

13.6. заңнамалық актілерді әзірлеуге және заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентінде талқылауға қатысу;

13.7. саяси партиялармен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен, оның ішінде жастар, әйелдер, салалық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

13.8. шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде шаруа, фермер қожалықтарын дамытуға жәрдемдесу;

13.9. мемлекеттік билік органдарының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

13.10. бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

14. Партия қызметінің нысанасы:

14.1. қоғамның саяси өміріне қатысу;

14.2. Партияның Жарғысында және Бағдарламасында көзделген Партияның мақсатына қол жеткізуді және міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету;

14.3. Партияның мақсаты мен міндеттерін алға жылжыту және түсіндіру;

14.4. заң шығару қызметіне қатысу;

14.5. мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және өзге де ұйымдарда азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау;

14.6. Партияның құрылымдық бөлімшелеріне, түрлі меншік нысанындағы мекемелер мен ұйымдарға, сондай-ақ азаматтарға әдістемелік, ұйымдастырушылық және өзге де көмек көрсету;

14.7. қайырымдылық қызметті жүзеге асыру;

14.8. Партияның мақсаты мен міндеттерін іске асыруға бағытталған конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер, мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси акциялар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

14.9. Партияның осы Жарғыда көзделген мақсатына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;

14.10. Партияның осы Жарғыда көзделген мақсатына қол жеткізуге және міндеттерін іске асыруға сәйкес келетін өзге де қызметті жүзеге асыру.

15. Партия:

15.1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкіміне кандидаттар ұсынуға, сондай-ақ өз өкілдері арқылы мәслихаттарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынуға;

15.2. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық

округтердің әкімдеріне кандидаттыққа ұсынылатын үміткерлерге партияшілік іріктеу жүргізуге;

15.3. барлық деңгейдегі әкімдердің кандидатураларың тағайындау кезінде оларды мәслихаттармен келісу рәсімдеріне мәслихаттардың депутаттары – Партия мүшелері арқылы қатысуға;

15.4. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде депутаттық фракция және барлық деңгейдегі мәслихаттарда Партияның депутаттық фракцияларын (топтарын) құруға;

15.5. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатында депутаттық топ құруға бастамашылық жасауға;

15.6. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық фракция арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне және оның мүшелеріне сенімсіздік білдіру туралы бастама жасауға;

15.7. мәслихаттардағы партияның депутаттық фракциялары (топтары) арқылы тиісті әкімдерге сенімсіздік білдіруге бастамашылық жасауға;

15.8. Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін саяси партиялармен және басқа да азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтасуға;

15.9. басқа елдердің саяси партияларымен байланыс орнатуға, тиісті келісімдер жасасуға, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүше ретінде кіруге;

15.10. өз қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсаты мен міндеттерін насихаттауға;

15.11. заңнамаға сәйкес бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар, басқа да қоғамдық-саяси акциялар мен іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

15.12. баспа және полиграфиялық қызметті жүзеге асыруға;

15.13. өз бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

15.14. Қазақстан Республикасының басқа саяси партияларымен және қоғамдық бірлестіктерімен қауымдастықтарға (одақтарға) ерікті негізде бірігуге;

15.15. Партияның осы Жарғыда көзделген мақсатына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

15.16. қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға;

15.17. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

16. Партияның міндеттері:

16.1. Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау;

16.2. әрбір азаматтың өзінің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын партия құжаттарымен, шешімдерімен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

16.3 тіркеуші органға Партияның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жерінің өзгеруі және оның басшылары туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде хабарлау;

16.4 өзінің қаржылық қызметі туралы есепті мемлекеттік кірістер органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және көлемде ұсыну.

3. ПАРТИЯҒА МҮШЕ БОЛУ.

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

17. Партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіпте болады.

18. Он сегіз жасқа толған, Партияның Жарғысы мен бағдарламалық құжаттарының талаптарын орындайтын, Партияның Жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізуге және міндеттерді іске асыруға белсенді түрде қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы Партияның мүшесі бола алады.

19. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оған құқығы жоқ адамдардың Партияға мүше болуына жол берілмейді.

20. Партияға қабылдау туралы шешім азаматтың өтініші негізінде бастауыш партия ұйымының жиналысында қабылданады.

21. Жекелеген жағдайларда партияға қабылдау туралы шешімді Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы немесе Партияның өңірлік филиалы Саяси Кеңесінің Төралқасы, аумақтық партиялық ұйымының Саяси кеңесі қабылдауы мүмкін.

22. Партияға мүше болу тиісті партия құжатымен расталады.

23. Партияға мүше болуды тоқтату мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

23.1. жазбаша өтініш негізінде Партиядан шыққанда;

23.2. азаматтықты жоғалтқанда;

23.3. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткенде;

23.4. әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарға, құқық қорғау органдарына қабылданғанда;

23.5. Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағасы және судьясы, Орталық сайлау комиссиясының, Республиканың Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы және мүшесі болып тағайындалғанда (сайланғанда);

23.6. басқа партияға кіргенде;

23.7. қайтыс болғанда, сондай-ақ азаматты қайтыс болды деп жариялаған немесе сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған кезде;

23.8. Партиядан шығарылғанда.

24. Мыналар:

24.1. қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуі;

24.2. Партияның беделін түсіретін әрекет (әрекетсіздік) немесе Партияның мүдделеріне нұқсан келтіретін өзге де әрекет (әрекетсіздік);

24.3. Партияның Жарғысы мен Бағдарламасын, басқа да құжаттарын, Партия органдарының шешімдерін сақтамау, Партиядан шығару үшін негіз болады.

25. Партиядан шығару туралы шешімді бастауыш партия ұйымының жиналысы қабылдайды. Жекелеген жағдайларда Партиядан шығару туралы шешімді Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы, Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасы немесе аумақтық партия ұйымының Саяси кеңесі қабылдауы мүмкін.

26. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің партияға мүше болуын тоқтату туралы шешімді Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы қабылдайды.

Мәслихаттар депутаттарының және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің мүше болуын тоқтату туралы шешімді осы Жарғыға сәйкес Партияның Саяси кеңесі Төралқасының келісімі бойынша Партия филиалы Саяси кеңесінің Төралқасы қабылдайды.

27. Партиядан шығару Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутатының, әкімнің және мемлекеттік билік органдарында және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында өзге де сайланбалы лауазымдарды атқаратын, Партиядан сайланған және ұсынылған адамның өкілеттіктерін тоқтату үшін негіз болады.

28. Партия мүшесіне партияшілік тәртіпті бұзғаны үшін ескерту, сөгіс, Партиядан шығару сияқты партия жазалары қолданылуы мүмкін.

29. Партия жазасын қолдану туралы шешімді Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы, Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасы, аумақтық партия ұйымының Саяси кеңесі, бастауыш партия ұйымының жиналысы қабылдайды.

30. Партияның Орталық аппараты есепке алу нысандарының негізінде Партияның өңірлік филиалдарының есептері бойынша Партияның мүшелерін есепке алуды жүзеге асырады, оны жүргізу тәртібін Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы бекітеді.

31. Партия мүшелерін есепке алу цифрлық қосымшалар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, электрондық форматта жүргізіледі, ол үшін Партияның Орталық аппаратында филиалдардың есептері негізінде Партия мүшелерінің электрондық дерекқоры жүргізіледі.

32. Партия мүшелерінің тиісті есебін қамтамасыз ету үшін Партия Орталық аппаратының Басшысы, Партияның өңірлік филиалдарының, аумақтық және бастауыш партия ұйымдарының Төрағалары дербес жауапты болады.

33. Партияның мүшесі:

33.1. Партия мен партия ұйымдарының бағдарламалық және өзге де құжаттарын әзірлеуге қатысуға;

33.2. Партия органдарына сайлауға және сайлануға;

33.3. Партиядан Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің депутаттығына кандидат, мәслихаттар депутаттығына кандидат, әкімге кандидат болып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне ұсынылуға;

33.4. өз пікірін еркін білдіруге, Партия қызметінің мәселелерін талқылауға, ауызша немесе жазбаша нысанда ұсыныстар енгізуге, кез келген партия органын, Партияның кез келген мүшесін сынауға;

33.5. Партияның қорғауы мен қолдауын пайдалануға;

33.6. Партияның кез келген органына оны қызықтыратын мәселелер бойынша жүгінуге және мәні бойынша жауап алуға;

33.7. Партияның және оның сайланбалы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға;

33.8. партия органдарына сайланған Партия мүшелерін қайта сайлау, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың Партияның тізімдері бойынша сайланған депутаттарын кері қайтарып алу туралы ұсыныстар енгізуге;

33.9. Партияға жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмыс жүргізуге;

33.10. Партиядан шығу туралы мәселені өз бетінше шешуге;

33.11. үш ай ішінде Партиядан шығару, партияның жазалау шараларын қолдану туралы шешімге жоғары тұрған партия органдарына шағымдануға;

33.12. бастауыш партия ұйымдарына ерікті негізде бірігуге құқылы.

34. Партия мүшесінің міндеттері:

34.1. Партия Жарғысының, Бағдарламасының және басқа да құжаттарының талаптарын қатаң сақтау;

34.2. Партияның мақсаты мен міндеттерін насихаттауға белсенді қатысу;

34.3. Партияның Жарғысының, Бағдарламасының және басқа да құжаттарының талаптары мен нормаларын түсіндіру және қорғау;

34.4. партия органдарының шешімдерін орындау;

- 34.5. Партия қызметіне белсенді қатысу;
 34.6. Партия мүлкіне, құжаттарына, рәміздеріне ұқыппен қарау және олардың сақталуын қамтамасыз ету;
 34.7. тек бір бастауыш партия ұйымында есепте тұру.

4. ПАРТИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. ПАРТИЯНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

1.1. Партияның ұйымдық құрылымы

35. Партия аумақтық-өндірістік белгісі бойынша құрылады және мыналардан:

35.1. Партия мүшелерінің тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде құрылатын бастауыш партия ұйымдарынан;

35.2. аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда құрылатын және өз құрамында бастауыш партия ұйымдарын біріктіретін аумақтық партия ұйымдарынан;

35.3. облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, Қазақстан Республикасының астанасында құрылатын және өз құрамында аумақтық партия ұйымдарын біріктіретін Партияның өңірлік филиалдарынан тұрады.

4.2. Партияның органдары

4.2.1. Партияның съезі

36. Партияның төрт жыл ішінде кемінде бір рет шақырылатын Съезі Партияның жоғары басшы органы болып табылады.

37. Партия Съезінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

37.1. Партияның Жарғысы мен Бағдарламаларын бекіту;

37.2. Партияның Жарғысы мен Бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

37.3. Партия мүшелерін Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат, бір мандатты округтер бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ретінде ұсыну, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін бекіту;

37.4. Саяси кеңес пен Ревизия комиссиясының есептерін тыңдау және бекіту;

37.5. Партия Төрағасын сайлау және қызметтен босату;

37.6. Партияның Саяси кеңесі мен Ревизия комиссиясының мүшелігіне сайлау және мүшелігінен шығару;

37.7. заңнамалық актілерде белгіленген шектерде Партияның басқа заңды тұлғалар мен өз филиалдарын құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

37.8. Партияны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

37.9. 36.4. және 36.6-тармақтарда көрсетілген мәселелер Партияның Съездерінде төрт жыл ішінде кемінде бір рет кезеңділікпен қаралады.

38. Партияның Съездері Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімімен шақырылады. Жекелеген жағдайларда Партия Төрағасының шешімі бойынша Партияның кезектен тыс Съезі шақырылуы мүмкін.

39. Съездің күнін, уақытын, өткізілетін орнын, күн тәртібінің жобасын, Партияның әрбір өңірлік филиалынан қатысатын делегаттарының санын (Съезд делегаттары өкілдігінің нормасын) және оларды сайлау тәртібін Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы немесе Партияның Төрағасы айқындайды.

40. Партия Съезінің делегаттары Партияның өңірлік филиалдарының Конференцияларында сайланады. Жекелеген жағдайларда Партия Съезінің делегаттары Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімімен сайлануы мүмкін.

41. Партия Съезінің шешімдері қатысып отырған делегаттардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру нысанын (ашық немесе жасырын) Съезд делегаттары айқындайды.

42. Партия Съезі оның жұмысына Партияның барлық филиалдарынан сайланған делегаттардың кемінде жартысы қатысқан кезде заңды болып саналады.

43. Партия Съезінің отырыстары Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы немесе Партияның Төрағасы айқындайтын тәртіппен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бетпе-бет, қашықтан, аралас немесе онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

4.2.2. Партияның Саяси кеңесі

44. Партияның Саяси кеңесі Партияның Съездері арасында Партияның басшы органы болады.

45. Партияның Саяси кеңесінің құзыреті:

45.1. қалыптасқан қоғамдық қатынастар бойынша Партия ұстанымын айқындау;

45.2. Партия Төрағасының ұсынысы бойынша өз құрамынан Партияның Саяси кеңесі Төралқасының мүшелерін сайлау, сондай-ақ Партия Төрағасының ұсынысы бойынша мүшелерді Партияның Саяси кеңесі Төралқасының құрамынан шығару;

45.3. Партияның Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауына, референдумдарға қатысуына байланысты мәселелерді қарау;

45.4. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат

ретінде ұсынуға кандидатураларды Партияның Саяси кеңесі Төралқасының ұсыныстары бойынша Партия Съезінің қарауына енгізу;

45.5. дауыс беру күніне дейінгі соңғы екі күнді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат тіркелгенге дейін және одан кейінгі кез келген уақытта Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жою;

45.6. Партияның Ревизия комиссиясы туралы ережені бекіту;

45.7. Партия Съезінің айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да шешімдерді қабылдау.

46. Партияның Саяси кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, оны Партия Төрағасы немесе Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы шақырады.

47. Партияның Саяси кеңесінің отырыстары Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы немесе Партияның Төрағасы айқындайтын тәртіппен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бетпе-бет, қашықтан, аралас немесе онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

48. Партияның Саяси кеңесінің отырысы, егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болады.

49. Партияның Саяси кеңесінің шешімдері оның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

50. Партияның Саяси кеңесінің шешімдерін оның мүшелерінен сауалнама алу арқылы қабылдауға жол беріледі. Сауалнама электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер мен өзге де электрондық бағдарламаларды, қосымшаларды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.2.3. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы

51. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы Партияның Съездері мен Партияның Саяси кеңесінің отырыстары арасындағы кезеңде Партияның басшы органы болады.

52. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасын Партияның Саяси кеңесі Партияның Төрағасының ұсынысы бойынша өз құрамының ішінен сайлайды.

53. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының құзыретіне мыналар кіреді:

53.1. Съездің және Партияның Саяси кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету, Партия органдары қызметінің Партия Съездерінің шешімдерін орындау жөніндегі негізгі бағыттарын айқындау;

53.2. Партияның қоғам мен мемлекеттің маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша өтініштері мен жиналымдарының жобаларын Партияның Саяси кеңесінің қарауына енгізу;

53.3. Партияның Съезін шақыру туралы, Партия Съезінің күн тәртібінің жобасы туралы, Партияның Съезі өткізілетін күн, орын туралы, Партияның

әрбір өңірлік филиалынан Съезд делегаттарының саны туралы (Съезд делегаттары өкілдігінің нормасы туралы), Съезді өткізу нысаны туралы (бетпе-бет, кашықтан, аралас және онлайн форматта) шешім қабылдау;

53.4. Партияның Саяси кеңесінің отырысын шақыру туралы, Партияның Саяси кеңесі отырысы күн тәртібінің жобасы туралы, оның өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы шешім қабылдау, Партияның Саяси кеңесінің отырысын өткізу нысанын айқындау (бетпе-бет, кашықтан, аралас немесе онлайн форматта);

53.5. Партияның Қазақстан Республикасының басқа саяси партияларымен және қоғамдық бірлестіктерімен қауымдастықтарға, одақтарға, блоктарға, коалицияларға ерікті негізде кіруі туралы шешімдер қабылдау;

53.6. Партияның Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен талқылауларды Партия Съезінің қарауына енгізу;

53.7. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ұсыну, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар ұсыну бойынша, оның ішінде бір мандатты округтер бойынша ұсыныстарды Партияның Саяси кеңесінің қарауына енгізу;

53.8. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының мандаттарын партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында бөлу;

53.9. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде Партияның депутаттық фракциясын құру туралы шешім қабылдау;

53.10. Партия Төрағасының ұсынуы бойынша депутаттық фракцияға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі Партияның депутаттық фракциясының Басшысы лауазымына кандидатура бойынша ұсынымдар енгізу;

53.11. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі Партияның депутаттық фракциясы шешімдерінің күшін жою;

53.12. партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын ротациялау туралы шешімдер қабылдау;

53.13. партиялық тізім бойынша сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдау;

53.14. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасы Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің қарауына енгізуге ұсынатын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдеріне кандидатураларды келісу;

53.15. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында мәслихаттар депутаттарының мандаттарын бөлу туралы шешімінің жобасын келісу;

53.16. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында мәслихаттар депутаттарын ротациялау туралы шешімінің жобасын келісу;

53.17. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының партиялық тізім бойынша сайланған мәслихаттар депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын кері қайтарып алу туралы шешімінің жобасын келісу;

53.18. аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдеріне және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды кері қайтарып алу туралы шешімдерді келісу;

53.19. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының партия ұсынған әкімдерді, депутаттарды Партиядан шығару туралы шешімін келісу;

53.20. Партияның өңірлік филиалдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату, қайта атау жөніндегі ұсыныстарды Партия Съезінің қарауына енгізу;

53.21. өңірлік филиалдар Конференцияларының аумақтық партия ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату туралы шешімдерін бекіту;

53.22. Партия Төрағасының ұсынысы бойынша Партия Төрағасының орынбасарларын тағайындау және босату;

53.23. Партия Төрағасының ұсынысы бойынша өңірлік филиалдар Төрағаларын тағайындау және босату;

53.24. Партияның өңірлік филиалдары Төрағаларының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық фракция Басшысы мен мүшелерінің есептерін тыңдау;

53.25. Партия қызметі үшін қажетті құжаттарды, оның ішінде:

- Партияның Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық фракциясы туралы ережені;

- Партияның мәслихаттардағы депутаттық фракциялары (топтары) туралы ережені;

- Партияның Орталық аппараты туралы ережені;

- Партияның Жастар ұйымы туралы ережені;

- Партияның партиялық-саяси жұмыстың түрлі бағыттары бойынша маңызы зор консультативтік-кеңесші комиссиялары мен жұмыс топтары туралы ережелерді;

- Партияның мүшелігіне қабылдау және оларды есепке алу, партия бюджеттерін беру және алып қою тәртібі туралы ережені;

- Партияның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді;

- Партиялық көтермелеу және партиялық жазалау шаралары туралы ережелерді бекіту;

53.26. Партия Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда Съезд Партия Төрағасын сайлаған кезге дейінгі

мерзімге Партия Төрағасы орынбасарларының біріне Партия Төрағасының өкілеттіктерін жүктеу туралы шешім қабылдау;

53.27. партиялық-саяси жұмыстың түрлі бағыттары бойынша Комиссиялар мен Жұмыс топтарын құру;

53.28. мемлекеттік органдардың мемлекеттік наградаларымен, құрметті атақтарымен, ведомстволық наградаларымен наградауға кандидатураларды бекіту;

53.29. Партия мүшелігіне қабылдау, Партия мүшелігінен шығару және жаңа қолдану туралы шешім қабылдау;

53.30. Партиядан шығарылған және партиялық жаза қолданылған адамдардың апелляцияларын қарау;

53.31. Партияның кез келген органын шақыру туралы шешім қабылдау;

53.32. Партия съезінің делегаттарын сайлау;

53.33. Партия Съезі мен Партияның Саяси кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Партия қызметінің өзге де мәселелерін қарау.

54. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының отырыстарын Партия Төрағасы шақырады және, егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, ол заңды болады.

55. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының отырыстары қажеттілігіне қарай бетпе-бет, қашықтан, аралас немесе онлайн форматта өткізіледі.

56. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімдері оның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

57. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімдерін оның мүшелерінен сұрау арқылы қабылдауға жол беріледі. Сауалнама электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер мен өзге де электрондық бағдарламаларды, қосымшаларды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

58. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы Партия Төрағасының қарауына оның құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді беруге, сондай-ақ төмен тұрған партия органдары шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

4.2.4. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының Бюросы

59. Партия Төрағасының шешімімен құрылатын Партияның Саяси кеңесі Төралқасының Бюросы Партияның атқарушы органы болып табылады.

60. Партияның Саяси кеңесі Төралқасы Бюросының дербес құрамын Партияның Төрағасы айқындайды.

61. Партияның Саяси кеңесі Төралқасы Бюросының құзыретіне Партияның Төрағасы оның қарауына енгізетін кез келген мәселелер, оның ішінде Партияға қабылдау және/немесе Партияға мүше болуды тоқтату мәселелері кіреді.

62. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының Бюросын қажет болған жағдайда Партияның Төрағасы шақырады. Партияның Саяси кеңесі

Төралкасының Бюросын Партия Төрағасының тапсырмасы бойынша Партияның Саяси кеңесі Төралкасы Бюросының мүшесі шақыра алады.

63. Партияның Саяси кеңесі Төралкасы Бюросының отырысы, егер оған мүшелердің жартысынан көбі қатысса, заңды болады. Партияның Саяси кеңесі Төралкасы Бюросының шешімдері оның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Партия Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

64. Партияның Саяси кеңесі Төралкасы Бюросының шешімдерін оның мүшелерінен сұрау арқылы қабылдауға жол беріледі. Сауалнама электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер мен өзге де электрондық бағдарламаларды, қосымшаларды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.2.5. Партияның Төрағасы

65. Партияның Төрағасы – Партияның Съезінде сайланатын Партиядағы жоғары басшы тұлға.

66. Партия Төрағасының құзыретіне мыналар кіреді:

66.1. Партияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру;

66.2. Партияның Съезін шақыру туралы, Партияның Съезі күн тәртібінің жобасы туралы, Партияның Съезі өткізілетін күн, орын туралы, Партияның әрбір өңірлік филиалынан келетін Съезд делегаттарының саны туралы (Съезд делегаттары өкілдігінің нормасы туралы), Съезді өткізу нысаны туралы (бетпе-бет, қашықтан, аралас және онлайн форматта) шешім қабылдау;

66.3. Партияның Съезін ашу және оған төрағалық ету;

66.4. Партияның Саяси кеңесінің отырысын шақыру туралы, Партияның Саяси кеңесі отырысы күн тәртібінің жобасы туралы, ол өткізілетін күн, уақыт және орын туралы шешім қабылдау, Партияның Саяси кеңесінің отырысын өткізу (бетпе-бет, қашықтан, аралас немесе онлайн форматта) нысанын айқындау;

66.5. Партияның Саяси кеңесінің, оның Төралкасының және Партияның Саяси кеңесі Төралкасы Бюросының жұмысына басшылық жасау, олардың отырыстарында төрағалық ету;

66.6. Партияның Саяси кеңесі Төралкасының Бюросын құру және оның дербес құрамын айқындау;

66.7. Партияның Саяси кеңесінің Төралкасына, Партияның Саяси кеңесіне, Партияның Съезіне Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну жөнінде ұсыныстар енгізу;

66.8. Партияның Саяси кеңесінің Төралкасына Партия Төрағасының орынбасарларын тағайындау және қызметтен босату жөнінде ұсыныстар енгізу;

66.9. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасына Партияның өңірлік филиалдарының Төрағаларын тағайындау және қызметтен босату жөнінде ұсыныстар енгізу;

66.10. Партия Төрағасы Орынбасарларының, өңірлік филиалдар мен аумақтық партия ұйымдары Төрағаларының өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін бекіту;

66.11. Партия Съезіне Партияның Саяси кеңесінің, Партияның Ревизиялық комиссиясының сандық және дербес құрамы, сондай-ақ Партияның Ревизиялық комиссиясы Төрағасының кандидатурасы бойынша ұсыныстар енгізу;

66.12. Партияның Саяси кеңесіне Партияның Саяси кеңесі Төралқасының сандық және дербес құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;

66.13. Партияның Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық фракциясының жұмысын үйлестіру, ал оны Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты етіп сайлаған жағдайда Партияның Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық фракциясына басшылық ету;

66.14. Партияның өңірлік филиалдары мен аумақтық партия ұйымдары Төрағаларының есептерін тыңдау;

66.15. Партияның өңірлік филиалдары мен аумақтық партия ұйымдары Төрағаларының атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігі туралы шешімдер қабылдау;

66.16. Съезд, Партияның Саяси кеңесі, Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы, Партияның Саяси кеңесі Төралқасының Бюросы қабылдаған қаулыларға, шешімдерге, қаулыларға, өтініштерге, жолданымдарға және басқа да құжаттарға қол қою;

66.17. Партияның Орталық аппаратының құрылымын, штат кестесін, қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы, материалдық және моральдық көтермелеу шараларын, олардың іссапарлары, демалыстары туралы шешімдерді бекіту;

66.18. Партияның кез келген органын шақыру туралы шешім қабылдау;

66.19. Партия Съезінің, Партияның Саяси кеңесінің, Партияның Саяси кеңесі Төралқасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Партия қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

67. Партия Төрағасы:

67.1. Партия атынан сенімхатсыз әрекет етеді және үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, ел ішінде де, шетелде де саяси партиялармен қарым-қатынастарда оны білдіреді;

67.2. өкімдер шығарады, бұйрықтарға, қаржылық және өзге де құжаттарға қол қояды, Партияның мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді.

67.3. Партияның Орталық аппаратының Басшысын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, оның өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін айқындайды, оны көтермелеу немесе оған тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешімдер қабылдайды;

67.4. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі Партия Орталық аппаратының басшысын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, оның өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін айқындайды, оны көтермелеу немесе оған тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешімдер қабылдайды;

67.5. Партияның Саяси кеңесі Төралқасына мемлекеттік органдардың мемлекеттік наградаларымен, құрметті атақтарымен, ведомстволық наградаларымен наградтауға кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізеді;

67.6. партиялық наградалармен наградтау жөнінде шешімдер қабылдайды;

67.7. төмен тұрған партия органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқығы бар;

67.8. Партияның басқа да лауазымды адамдарына өкімдер шығаруға, бұйрықтарға, қаржылық және өзге де құжаттарға қол қоюға, Партияның мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етуге, Партия Төрағасының өзге де өкілеттіктерін орындауға өкілеттік беруге құқығы бар;

67.9. заңнамада және Партияның Жарғысында белгіленген өзге де құқықтары бар.

68. Партия Төрағасының өкілеттіктері Партияға мүше болу тоқтатылған, өзі өкілеттіктерін ерікті түрде доғарған, Съезд Партия Төрағасының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

4.3. Партияның өңірлік филиалдары

69. Партияның құрылымдық бөлімшелері Партияның өңірлік филиалдары болып табылады және Партия Съезінің шешімдерімен құрылады.

70. Партияның Өңірлік филиалдары заңды тұлғалар болып табылмайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептік тіркесуден өтеді, Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы бекіткен Ереже негізінде әрекет етеді, өз қызметінде Партияның Жарғысын және бағдарламалық құжаттарын, Партияның басшы органдарының шешімдерін басшылыққа алады және Партия мүлкін пайдаланады.

4.3.1. Партия өңірлік филиалының Конференциясы

71. Партияның өңірлік филиалының Конференциясы Партияның Өңірлік филиалының жоғары басшы органы болып табылады.

72. Партияның өңірлік филиалы Конференциясының құзыретіне мыналар кіреді:

72.1. Партияның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жатпастығынан басқа, Партияның өңірлік филиалы қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

72.2. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің есептерін тыңдау;

72.3. Партияның өңірлік филиалы төрағасының ұсынысы бойынша Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің мүшелерін сайлау және оның құрамынан мүшелерді шығару туралы шешім қабылдау;

72.4. Партия Съезінің делегаттарын сайлау туралы шешім қабылдау;

72.5. Партия Съезінде бекітілген бағдарламалық құжаттар негізінде думастық сайлау округі бойынша Партияның сайлау алдындағы бағдарламасын бекіту;

72.6. облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттары етіп сайлау үшін адамдардың партиялық тізімін бекіту;

72.7. Партияның өңірлік филиалының Саяси кеңесі ұсынатын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдеріне кандидаттарды ұсыну туралы шешім қабылдау;

72.8. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы бекіткеннен кейін күшіне енетін думастық партия ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату туралы шешімдер қабылдау.

73. Партияның өңірлік филиалының Конференциялары Партия Төрағасының, Партияның Саяси кеңесі Төралқасының, Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының, Партияның өңірлік филиалы Төрағасының шешімімен шақырылады.

74. Партия өңірлік филиалының Конференциясын шақыру туралы шешім қабылдаған орган немесе лауазымды адам Партияның өңірлік филиалы Конференциясы өткізілетін күнді, уақытты, орынды, күн тәртібінің жобасын, әрбір аумақтық партия ұйымынан делегаттарының санын (Партияның өңірлік филиалы Конференциясы делегаттары өкілеттінің нормасы туралы) және оларды сайлау тәртібін айқындайды.

75. Партияның өңірлік филиалының Конференциясы оның жұмысына Конференция делегаттары жалпы санының жартысынан астамы қатысқан кезде ыңды болып саналады.

76. Партияның өңірлік филиалы Конференцияларының отырыстары цифрлық технологияларды пайдалану тәртібімен бетпе-бет, кашықтан, аралас немесе онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

77. Партияның өңірлік филиалы Конференциясының шешімдері қатысқан отырған делегаттардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру нысанын (ашық немесе құпия) конференция делегаттары айқындайды.

4.3.2. Партияның Өңірлік филиалының Саяси кеңесі

78. Партияның өңірлік филиалының Конференциялары арасында Партияның Өңірлік филиалының басшы органы Партияның өңірлік филиалының Конференциясы сайлайтын, саны 11 – 19 адамнан тұратын Партияның Өңірлік филиалының Саяси кеңесі болып табылады.

79. Партияның Өңірлік филиалы Саяси кеңесінің құзыретіне мыналар кіреді:

79.1. Партия съезінің, Партияның Саяси кеңесінің, Партияның Саяси кеңесі Төралқасының, Партия Төрағасының, Партияның өңірлік филиалы Конференциясының шешімдерін іске асыру;

79.2. Партияның өңірлік филиалы төрағасының ұсынысы бойынша Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің құрамынан Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының мүшелерін сайлау;

79.3. Партияның Өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының аумақтық партия ұйымдарын құру туралы ұсыныстарын Партияның өңірлік филиалы Конференциясының қарауына енгізу;

79.4. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасымен келісілгеннен кейін өңірлік филиал Саяси кеңесі Төралқасы ұсынатын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкіміне кандидаттарды ұсыну мақсәдеті ұсыныстарды Партияның өңірлік филиалы Конференциясының қарауына енгізу;

79.5. Партияның жоғары және басшы органдарының, Партияның өңірлік филиалдары Конференцияларының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелерді шешу.

80. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің отырыстары ашықтылығыне қарай өткізіледі және Партияның Төрағасы, Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы, Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасы не Партияның Өңірлік филиалының Төрағасы шақырады.

81. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің отырысы, егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болады.

82. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің отырыстары цифрлық технологияларды пайдалану арқылы бетпе-бет, қашықтан, аралас немесе онлайн форматта өткізілуі мүмкін.

83. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің шешімдері қатысып отыратын мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру нысанын (ашық немесе құпия) Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің мүшелері айқындайды.

84. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің шешімдерін оның мүшелерінен сұрау арқылы қабылдауға жол беріледі. Сауалнама электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер мен өзге де электрондық бағдарламаларды, қосымшаларды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.3.3. Партияның Өңірлік филиалы

Саяси Кеңесінің Төралқасы

85. Партияның өңірлік филиалының Саяси кеңесі өз құрамынан саны 5 – 7 адамнан тұратын Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасын сайлайды.

86. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының құрамына мыналар кіреді:

86.1. Партияның жоғары тұрған органдарының шешімдерін іске асыру;

86.2. Партияның өңірлік филиалының Конференциясын шақыру;

86.3. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің отырысын шақыру туралы шешім қабылдау;

86.4. аумақтық партия ұйымы Төрағасының ұсынысы бойынша бастапқы партия ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

86.5. Партияның өңірлік филиалының Саяси кеңесіне аумақтық партия ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізу;

86.6. Партияның Съезінде бекітілген бағдарламалық құжаттар негізінде аумақтық сайлау округі бойынша Партияның сайлауалды бағдарламасын Партияның өңірлік филиалы Конференциясының қарауына енгізу;

86.7. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасымен келісілгеннен кейін Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің қарауына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкіміне кандидаттар ұсыну жөнінде ұсыныстар енгізу;

86.8. тиісті мәслихаттарда Партияның депутаттық фракцияларын (топтарын) құру туралы шешім қабылдау және тиісті мәслихаттарда Партияның фракциясы (топтары) басшысының кандидатурасын ұсыну;

86.9. Партия ұсынған мәслихат депутаттары мен әкімдердің есептерін тыңдау;

86.10. аумақтық партия ұйымының Саяси кеңесі аумақтық партия ұйымы Конференциясының қарауына енгізуге ұсынатын аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкіміне кандидатураларды келісу;

86.11. Партияның Саяси кеңесі Төралқасымен келісілгеннен кейін партиялық тізім бойынша сайланған облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттары депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын кері шақырып алу туралы шешім қабылдау;

86.12. Партияның Саяси кеңесі Төралқасымен келісілгеннен кейін аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкіміне және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды кері шақырып алу туралы шешім қабылдау;

86.13. Партия мүшелігіне қабылдау, Партия мүшелерінен шығару және қайта қабылдау туралы шешім қабылдау;

86.14. бастауыш партия ұйымдары Партиядан шығарған адамдардың шешімдері мен шағымдары бойынша мәселелерді карау;

86.15. Партия Жарғысына қайшы келетін аумақтық және бастауыш партия ұйымдары мен олардың органдары шешімдерінің күшін жою;

86.16. Партияның өңірлік филиалы Төрағасының ұсынысы бойынша аумақтық партия ұйымдары Төрағаларын тағайындау және қызметтен босату;

86.17. аумақтық партия ұйымдары Төрағаларының есептерін тыңдау;

86.18. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасымен келіскеннен кейін Партия ұсынған сайланған әкімді, мәслихат депутатын Партиядан шығару туралы шешім қабылдау;

86.19. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасымен келісілгеннен кейін партиялық тізімге енгізілген кандидаттар арасында мәслихат депутаттарының мандаттарын бөлу, сондай-ақ оларды партиялық тізім шеңберінде ротациялау;

86.20. Партияның Саяси кеңесінің Төралқасымен келісілгеннен кейін партиялық тізім бойынша сайланған мәслихаттар депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын кері шақырып алу туралы шешім қабылдау;

86.21. Партияның өңірлік филиалы Конференциясының карауына партиялық тізім бойынша сайланған мәслихаттар депутаттарын кері шақырып алу туралы ұсыныстар енгізу;

86.22. Партияның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешу.

87. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және оны Партияның Төрағасы, Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы немесе Партияның өңірлік филиалының Төрағасы шақырады.

88. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының отырысы, олардағы мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болады.

89. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының шешімдері оның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру нысанын (ашық немесе құпия) Партия өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының мүшелері айқындайды.

90. Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімдерін оның мүшелерінен сұрау арқылы қабылдауға жол беріледі. Сауалнама электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер мен өзге де электрондық бағдарламаларды, қосымшаларды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.3.4. Партияның Өңірлік филиалының төрағасы

91. Партияның өңірлік филиалының Төрағасы – Партияның өңірлік филиалындағы басшы тұлға.

92. Партияның өңірлік филиалының Төрағасы Партия Төрағасының ұсынысы бойынша Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

93. Партияның өңірлік филиалы Төрағасының құзыретіне мыналар кіреді:

93.1. Партияның жоғары тұрған органдары шешімдерінің орындалуын қадағалау ету;

93.2. Партияның өңірлік филиалының Конференциясын шақыру;

93.3. Партияның өңірлік филиалының Конференциясын ашу және оған төрағалық ету;

93.4. Партияның өңірлік филиалының қызметіне, Партияның Саяси кеңесінің, оның Төралқасының қызметіне басшылық жасау, олардың отырыстарын шақыру және төрағалық ету;

93.5. Партияның тиісті мәслихаттардағы депутаттық фракцияларының (групптарының) жұмысын үйлестіру;

93.6. Партияның төмен тұрған партиялық органдарының қызметін үйлестіру;

93.7. Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасына, Партияның өңірлік филиалының Саяси кеңесіне және Партияның өңірлік филиалының Конференциясына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттарының депутаттығына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкіміне кандидаттар бойынша ұсыныстар енгізу;

93.8. Партияның өңірлік филиалы Конференциясының карауына Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесінің сандық және дербес құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;

93.9. Партияның өңірлік филиалының Саяси кеңесіне Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасының мүшелерін сайлау үшін өңірлік филиалдың Саяси кеңесі мүшелерінің құрамынан кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізу;

93.10. Партияның мүшелерін бақылауды және тиісті есепке алуды қадағалау ету;

93.11. Партияның Орталық аппаратына есептер мен ақпараттар беру;

93.12. аумақтық партия ұйымдарының қызметіне басшылық ету;

93.13. Аумақтық партия ұйымының Конференцияларын шақыру;

93.14. Аумақтық партия ұйымы Саяси кеңесінің отырыстарын шақыру;

93.15. аумақтық партия ұйымдарын құру және олардың қызметін бақылау туралы ұсыныстар енгізу;

93.16. Партия өңірлік филиалы Саяси кеңесінің Төралқасына аумақтық партия ұйымының Төрағасы етіп тағайындау үшін кандидатура бойынша және аумақтық партия ұйымының Төрағасын қызметтен босату үшін ұсыныстар енгізу;

45.17. бастауыш партия ұйымдарын құру, олардың қызметін тоқтату туралы шешімдер шығару;

45.18. бастауыш партия ұйымының Жиналысын шақыру;

45.19. Партияның өңірлік филиалы Төрағасының орынбасарларын тағайындау және қызметтен босату;

45.20. Партияның жоғары тұрған органдары мен оның филиалдарының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешеді.

46. Партияның өңірлік филиалы Төрағасының өкілеттігі ол өкілеттіктерін өз еркімен доғарған, оның Партияға мүше болуы тоқтатылған, Партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімімен қызметтен басталған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

47. Партияның өңірлік филиалы Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Партия Төрағасы Партияның өңірлік филиалының жаңа Төрағасы тағайындалған кезге дейінгі мерзімге Партияның өңірлік филиалы Төрағасының өкілеттіктерін Партияның өңірлік филиалы Саяси кеңесі Төралқасы мүшелерінің біріне жүктеу туралы шешім қабылдайды.

48. Партияның өңірлік филиалының Төрағасы не оны алмастыратын адамның қызметін Партия Төрағасының сенімхаты негізінде жүзеге асырады.

4.4. Аумақтық партия ұйымдары

49. Аумақтық партия ұйымдары Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы қабылдағаннан кейін күшіне енетін Партияның өңірлік филиалы Конференциясының шешімдерімен құрылады.

4.4.1. Аумақтық партия ұйымының Конференциялары

50. Аумақтық партия ұйымының жоғарғы органы Аумақтық партия ұйымының Конференциясы болып табылады.

51. Аумақтық партия ұйымы Конференциясының құзыретіне мыналар кіреді:

51.1. аумақтық партия ұйымы қызметінің мәселелерін шешу;

51.2. аумақтық партия ұйымы Саяси кеңесінің есебін тыңдау;

51.3. аумақтық партия ұйым Саяси кеңесінің мүшелерін сайлау,

51.4. аумақтық партия ұйым Саяси кеңесінің құрамынан мүшелерді шығару;

